

**Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ дағы «Машинажасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы» бағыты бойынша диссертациялық кеңестің №5 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Алматы қ.

27 желтоқсан 2022ж.

**ҚАТЫСҚАҢДАР:**

**Тұрақты құрамы:** Елемесов К.К. - диссертациялық кеңестің төрағасы, техн. ғылым.кандид., доцент, Жәутіков Б.А.- диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, тех. ғыл. докторы, профессор, Басқанбаева Д.Д. - диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, PhD доктор, Столповских И.Н.- т.ғ.д., профессор, Абсадықов Б.Н. – профессор, т.ғ.д., Сладковски А.В.-т.ғ.д., профессор.

**Уақытша құрамы:** Мұқанов Руслан Батырбекұлы - PhD доктор, көлік техникасы және логистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қасенов Асылбек Жұмабекұлы – техн. ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, академиялық қызмет департаментінің директоры, Сембаев Нұрболат Сәкенұлы – т.ғ.к., қауымдаст.профессор, көлік техникасы және логистика кафедрасының меңгерушісі, Жунисбеков Полатбек Жамалұлы – т.ғ.д., «Машина пайдалану» кафедрасының профессоры. ҚазҰАУ, Ибрагимова Зауре Асилбекқызы – PhD докторы, «Механика және машина жасау» кафедрасының доценті, Рахматулина Аяулым Бағдатқызы - PhD, Алматы Технологиялық университетінің "Автоматтандыру және робототехника" кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы бойынша диссертациялық кеңестің төрағасы - техн. ғыл.канд., доцент - Елемесов Қ.К.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы доктор PhD - Басқанбаева Д.Ж.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Бекбосынова Бағлан Асылханқызы 6D071200 – "Машина жасау" мамандығы бойынша философия докторы Ph.D дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ұзын пресс бұйымдарын сығу үшін үзіліссіз винтті орнақтың тиімді құрылымын жасау» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы.

**Ғылыми кеңесшілер:**

1. Исаметова Мадина Есдәулетқызы - техн.ғыл.канд., қауымдастырылған профессор, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті (Қазақстан);
2. Дыя Хенрик – техн.ғыл.докторы, профессор, Ченстохов Технологиялық Университеті (Польша).

**Ресми рецензенттер:**

- 1 Бектібай Біржан Жапсарбекұлы– техника ғылымдарының кандидаты, «Жылу физикасы және техникалық физика» кафедрасы, ҚазҰУ Аль-Фараби. (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.);
- 2 Есқұлов Серікжан Сағатұлы – техника ғылымдарының кандидаты, доцент. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК КЕАҚ «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС –нің бас директоры.

**Төраға:**

**Ресми рецензенттер:**

- 1) Бектібай Біржан Жапсарбекұлы – **бар**;
- 2) Есқұлов Серікжан Сағатович – **бар**

**Төраға:** Диссертациялық кеңестің барлық қатысушы мүшелері келу парағына қол қойды. Жұмысқа керекті кворум бар. Жұмысты бастауға ұсыныс бар. Кім осы ұсынысты қолдайды? Дауыс беріңіздер. Кім қалыс қалды? Қарсы?

### ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

Келісемін – барлығы,  
Қарсы – жоқ  
Қалыс қалғандар – 1.

**Төраға:** Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері! Кворум бар - 6D071200 - "Машина жасау" мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің 12 мүшесінен, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алқасының қаулысымен бекітілген отырысқа 9 оффлайн, 2 онлайн қатысады, Сладковски А.В. т.ғ.д., профессор денсаулығына байланысты, дәлелді себеппен кеңеске қатыса алмайды, яғни диссертациялық кеңес құрамының 2/3 астамы қатысады, демек, отырыс заңды болып саналады.

**Төраға:** Құрметті әріптестер! Дауыс беруді ескере отырып, диссертациялық кеңестің отырысын ашық деп санауға рұқсат етіңіздер.

**Төраға:** Диссертанттың аттестаттау ісінің материалдарын жария ету үшін, сөз диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы Басқанбаева Динара Жұмабайқызына беріледі.

**Ғылыми хатшы:** Диссертациялық кеңеске Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің 6D071200 - "Машина жасау" мамандығының PhD докторанты Б.А. Бекбосыновадан «Ұзын пресс бұйымдарын сығу үшін үзіліссіз винтті орнақтың тиімді құрылымын жасау» тақырыбы бойынша диссертациясын қорғауға, келесідей құжаттар келіп түсті.

1. Докторант Бекбосынова Баглан Асылхановнаның «Машина жасау, машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы бойынша диссертациялық кеңеске қорғауға шығу туралы өтініші.

2. Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ тарапынан ғылыми кеңесшісі, т.ғ.к., қауымд. профессор – Исаметова Мадина Есдәулетқызының пікірі.

3. Шетелдік ғылыми кеңесшісі, техника ғылымының докторы, профессор Дыя Хенриктің пікірі – (Польша).

4. Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ – нің "Машина жасау" кафедрасының кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

5. Қатты мұқабалы және электрондық жеткізгіштегі диссертациялық жұмыс, сондай-ақ орыс, ағылшын және қазақ тілдеріндегі аңдатпалар;

6. Диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми жұмыс жарияланды;

- 3 Scopus дерекқорына кіретін журналдардағы ғылыми мақалалар;

- 2 Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ғылыми баяндамалар, оның біреуі алыс шетелде;

- 4 Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдардағы ғылыми мақалалар;

7. Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының анықтамасы диссертацияда авторға және алынған материалдар көзіне сілтеме жасамай ақ материалды пайдалануын тексергендігін растайды. "ҰҒТАО" АҚ диссертациялар қорымен салыстырмалы талдау нәтижесінде сәйкестіктер табылмағаны туралы анықтама құжаты.

8. Жоғары білім туралы дипломның көшірмесі – бакалавриатты бітіргені туралы (нотариалды куәландырылған).

9. Магистр академиялық дәрежесі туралы дипломның көшірмесі (нотариалды куәландырылған).

10. Докторанттың кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі.

11. Диссертация тақырыбын бекіту туралы бұйрық.

12. Барлық құжаттар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Философия докторы(PhD) атағын беру жөніндегі қаулыға сәйкес келеді және қол жетімді.

**Төраға:** Аттестаттау ісінің материалдары бойынша ғылыми хатшыға немесе диссертантқа сұрақтар бола ма?

**Кенес мүшелері: Жок.**

**Төраға:** Диссертантқа диссертацияның мәні мен негізгі ережелерін ұсыну үшін сөз беріледі. Регламент бойынша диссертацияға 20 минут беріледі.

**Сөз сөйледі:** Докторант Бекбосынова Баглан Асылхановна өз баяндамасында диссертациялық жұмысының мағынасын және мәнін баяндады. Диссертациялық жұмысты орындау барысында, зерттеу жұмыстарының бір бөлігі, докторанттың тікелей қатысуымен, мемлекеттік ғылыми зерттеулер гранты негізінде орындалғанын, атап айтқанда АР05132610 жобасы бойынша, 2018-2020 жылдар аралығында «Түсті металдардан шыбықтар мен құбырлар жасауға арналған бағдарламалық басқарумен үздіксіз радиалды - ығысу орнағының жаңа құрылымын әзірлеу» тақырыбы бойынша жүзеге асырылғанын, атап өтті.

Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі мәселелер қамтылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Ғылыми жаңалық
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

**Төраға:** Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, диссертацияға қатысты қандай сұрақтарыңыз бар? Жұмысты талқылау үшін сұрақтар қоюларыңызды өтінемін.

***Докторантқа келесі сұрақтар қойылды:***

**Сембаев Нұрболат Сакенович** – т.ғ.к., қауымд. Профессор, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Көлік техникасы және логистика» кафедрасының меңгерушісі:

**Сұрақ:**

Құрылымды зерттегенде қандай ақаулар пайда болды?

**Жауап:**

Біз экспериментті бірнеше мәрте жасадық және дайындамамыз деформацияға ұшырады, сынып кеткен жағдайлар болды, экспериментіміз жоспарға сай шықпай қалған жағдайлар болды. Біз қалаған өлшемде шықпай әр түрлі ақаулар болды, бірақ сол эксперименттердің ішінде диссертациялық жұмысқа ең тиімді нұсқасын ғана таңдап алдым.

**Жунисбеков Полатбек Жамалұлы** – т.ғ.д., «Машина пайдалану» кафедрасының профессоры

**Сұрақ:**

1. Дайындаманың сынып кеткен жағдайларын айта аласыз ба?

**Жауап:**

Рахмет сұрағыңызға, дайындаманы қыздырған кезде дұрыс температура таңдалмаған себептерден және үш білікті бұрандамамен илемдеу-престеу кезінде, техникалық себептерге байланысты дайындамамыз сынып кетті.

**Ибрагимова Зауре Асилбекқызы** – PhD докторы, «Механика және машина жасау» кафедрасының доценті

**Сұрақ:**

1. Не себепті алюминийді таңдап алдыңыз?

**Жауап:**

Алюминийді таңдап алған себебім, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану арқылы үш түрлі материалға сынақ жүргіздім. Мыс, болат және алюминий. Біріккен илемдеу - престеу операциясын пайдаланып 60 мм дайындамамыздан 6мм дайындама алу керек болды. Patran Nastran бағдарламасы арқылы олардың деформациялық кернеулі күйінің, ультра ұсақ түйіршіктерінің өзгерулерін салыстырып, біздің жағдайда бізге ең тиімді ыңғайлысы алюминий болып шықты.

Диссертациялық кеңес Мүшелері докторанттың баяндамасы бойынша өзекті сұрақтар қойды. Бекбосынова Баглан Асылхановна барлық сұрақтарға толық жауап беріп, диссертациялық кеңес мүшелерін тиянақты, әрі нақты жауаптарымен қанағаттандырды.

**Төраға:** Сөз, докторанттың ғылыми кеңесші техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Исаметова Мадина Есдаулетовнаға беріледі.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:** Докторанттың ғылыми кеңесшісі, техника ғылымдарының кандидаты Исаметова Мадина Есдаулетовна. Сөз сөйлеу барысында ғылыми кеңесші диссертацияның өзектілігін, мақсаты мен міндеттерін, ғылыми жаңалығын, ғылыми ережелерін және қорғауға шығарылатын, сондай-ақ практикалық маңыздылығын қысқаша баяндады.

2016 ж. Бекбосынова Б.А. 6D070200 – Машина жасау мамандығы бойынша докторантураға түсті. Докторантурада оқу кезеңінде ол бейіндік пәндер бойынша тамаша білімдерін көрсете отырып, теориялық оқу циклін сәтті игерді. Дайындамаларды біріккен әдіспен илемдеу- престеу әдісімен оңдеуге арналған жаңа құрылымдағы орнақ барлық сызбаларымен бірге дайындалып шығарылды. Оның жылдамдығы, кернеулі күйі, қуаты, айналу жиілігі т.б. әр түрлі бағдарламаларды пайдалана отырып есептеліп шығарылды.

Диссертация машина жасау өнеркәсібі мен ғылымына қатысты тақырыпта орындалды, өйткені қазіргі уақытта өндіріс тиімділігін арттыру жаңа материалдар мен технологияларды қолданумен тікелей байланысты екенін атап өтті.

Докторлық диссертацияның авторы үшбілікті орнақ туралы отандық және шетелдік ақпараттың үлкен көлемін, машина жасаудың жекелеген процестерінің жай-күйін талдады, сондай – ақ, докторант Бекбосынова Б.А. теориялық зерттеулерді қолдана отырып, олардың нәтижелерін экспериментті түрде тексере отырып, қойылған міндеттерді жан-жақты шешті. Бұл ұсынылған технологиялық әзірлемелерді оңтайландыруға мүмкіндік беретін бірқатар маңызды заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері жақсы сынақтан өтті, олар бірқатар басылымдарда жарияланды.

Докторантурада оқу кезеңінде Б.А.Бекбосынова зерттеулерде нәтижелерді ғылыми іздестіру және инновациялық қолдану қабілетін көрсетті, ол зертханалық және тәжірибелік-өнеркәсіптік жұмыстарды жүргізуге, алынған деректерді оңдеуге тікелей қатысты.

«Ұзын пресс бұйымдарын сығу үшін үзіліссіз винтті орнақтың тиімді құрылымын жасау» " диссертациясы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми дәрежелерін беру қағидаларының барлық талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Бекбосынова Баглан Асылхановнаға 6D071200 – “Машина жасау” мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

**Төраға:** Сөз шетелдік ғылыми кеңесшінің пікірі техника ғылымдарының докторы, профессор Дзя Хенрикке беріледі, белгілі себептермен қатыса алмауына байланысты пікірді ғылыми хатшы оқиды.

**Ғылыми хатшы:** Шетелдік ғылыми кеңесшісі техника ғылымдарының докторы, профессор Дзя Хенриктің пікірін кеңес мүшелеріне қып, сондай – ақ қорытынды шешімімен таныстырды:

Применение новой технологии и оборудования приводит к значительному энергосбережению при изготовлении длиномерных пресс изделий, а также к снижению отходов производства. Изделия полученные совмещенным способом винтовая прокатка- прессование имеет повышенные механические характеристики. За счет легкой замены инструмента прокатного винтового стана установка приобретает хорошую технологическую гибкость, за счет теплового эффекта повышена пластичность и возможность прессования пресс-изделий в условиях холодной деформации. Очевидно что для массовой продукции такого оборудования экономический эффект будет весьма существенным для Казахстана.

В заключение следует отметить, что диссертация Б.А.Бекбосыновой полностью соответствует требованиям, предъявляемым к диссертациям PhD по специальности «6D071200 – Машиностроение».

**Ресми рецензенттердің пікірлері және диссертанттың олардың ескертулеріне жауаптары.**

**Төраға:**

Сөз ресми рецензент, техника ғылымдарының кандидаты, Бектібай Біржан Жапсарбекұлына беріледі.

**Сөз сөйледі:** ресми рецензент – Бектібай Біржан Жапсарбекұлы.

Бекбосынова Баглан Асылхановнаның осы диссертация бойынша жұмысындағы жеке үлесі зерттеу тақырыбын тұжырымдау мен негіздеуден, міндеттер қоюдан, теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізуден, жүргізілген жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуден, зерттеулер жүргізудегі дербестік деңгейін жоғары деп бағалауға мүмкіндік беретін қорытындылар мен ұсынымдарды әзірлеуден тұрады.

Автордың диссертация бойынша зерттеулерінің өзектілігі жеткілікті түрде негізделген, диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның бөлімдері мен ережелері толығымен өзара байланысты.

Б.А.Бекбосынованың қорытындылары сыналды және 9 басылымда жарияланды. Негізгі ережелер жарияланымдарының толықтығы PhD диссертациясына қойылатын ресми талаптарға сәйкес келеді.

«Ұзын пресс бұйымдарын сығу үшін үзіліссіз винтті орнақтың тиімді құрылымын жасау» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыс Бекбосынова Баглан Асылхановнаның, 6D071200 – "Машина жасау" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған, нәтижелердің өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы, орындалған зерттеулердің ғылыми деңгейі мен көлемі бойынша "Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының" талаптарына сәйкес келеді.

Автор алған ғылыми нәтижелері ғылыми жаңалыққа ие, практикалық құндылыққа ие және авторды күрделі ғылыми міндеттерді қоя алатын және шеше алатын қалыптасқан зерттеуші ретінде сипаттауға мүмкіндік береді, бұл диссертациялық кеңеске 6D071200 – "Машина жасау" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін Бекбосынова Багланды ұсынуға негіз береді. Диссертация бойынша келесідей сұрағым бар:

*Ғылыми жетекшіге сұрағым бар, Баглан сизге қанша пайыз жұмыспен барды сиз неше пайыз жұмыс жасауға көмектестіңіз, бірге жарияланған жариялымдар бар ма?*

**Төраға:** Сөз ғылыми кеңесші Исаметова Мадина Есдаулетовнаға беріледі – Бектібай Біржанның сұрағына жауап.

Ғылыми кеңесші ресми рецензенттің қойған сұрағына жауап берді.:

С.А.Машековпен алдында көп жұмыс жасалған екен Баглан 80 пайыз дайындықпен келді, біз компьютерлік моделдеп, жұмыстарды жинақтадық. Ал жариялымдар саны жеткілікті болғандықтан біз шығармадық.

**Төраға:**

Сөз ресми рецензент, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Ескулов Серикжан Сагатовичке беріледі.

**Сөз сөйледі:** ресми рецензент – Ескулов Серикжан Сагатович.

Диссертацияны талдау оның авторы зерттеу әдістемесін дұрыс және негізделген түрде таңдағанын, сыналған әдістерді қолданғанын көрсетеді, бұл нәтижелердің дұрыстығын растайтынын атап айта кетті. Эксперименттердің нәтижелерін өңдеу үшін заманауи бағдарламалар қолданылғанын да ескерді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері стандартты әдістер бойынша заманауи аспаптар мен жабдықтарды пайдалана отырып алынды, алынған деректерді өңдеу және түсіндіру компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Дереккөздерге сілтемелер дұрыс жүргізілді, олардың көпшілігі соңғы жылдардағы басылымдар.

Бекбосынова Баглан Асылхановнаның диссертациясы өзекті тақырыпта орындалған, жаңалығымен және практикалық құндылығымен сипатталатын аяқталған ғылыми – зерттеу жұмысы болып табылады. Ол машина жасау саласында жаңа құрылымдағы орнақты қолдану саласын кеңейтудің маңызды қолданбалы міндетін шешеді. Барлық қойылған міндеттер толық көлемде шешілді.

«Ұзын пресс бұйымдарын сығу үшін үзіліссіз винтті орнақтың тиімді құрылымын жасау» диссертациясы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарын қанағаттандырады.

Ал оның авторы Бекбосынова Баглан Асылхановна 6D071200-«Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін беруге лайық. Диссертация бойынша келесі ескертуім бар:

*Тәжірибелік жұмыстар неше рет жасалғаны, қалай жасалғаны жайлы мәлімет жоқ*

**Төраға:** Сөз диссертантқа беріледі –ресми рецензент Ескулов Серикжан Сағатовичтің ескертуіне жауап.

**Диссертант ресми рецензент қойған ескертуіне жауап берді.:**

Ия, тәжірибелік жұмыс бірнеше рет жасалды оның барлығын жазбадық жұмысқа. Ең тиімді деген нұсканы ғана жаздым.

**Диссертациялық жұмысты талқылау, кеңес мүшелерінің, қатысқан ғалымдардың және диссертациялық кеңес төрағасы орынбасарының сөз сөйлеуі.**

**Төраға:**

Диссертациялық жұмысты талқылауға көшейік. Кімде сұрақтар мен ұсыныстар бар?

**Төраға:** Жеткілікті ме?

**Өтініш берушінің қорытынды сөзі.**

**Төраға орынбасары:** Егер сұрақтар болмаса, біз диссертантқа қорытынды сөз беруге құқығымыз бар. Өтінемін:

*(Диссертанттың қорытынды сөзі).*

**Жасырын дауыс беруді өткізу және диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау.**

**Төраға орынбасары:** Жасырын дауыс беру үшін біз үш адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлауымыз керек. Қандай ұсыныстар болады? Есеп комиссиясының мүшелерін сайлау туралы ұсыныс түсті:

1. Сембаев Нұрболат Сакенұлы
2. Абсадықов Бахыт Нарикбаевич
3. Басқанбаева Динара Жұмабайқызы

Есеп комиссиясының осы құрамын бекітуге кім келіседі? Кім қарсы? Жоқ. Кім қалыс қалды?

### **ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Келісемін – барлығы,

Қарсы – жоқ

Қалыс қалғандар – 1.

Есеп комиссиясының құрамы бірауыздан бекітілді. Комиссияны жұмысқа кірісуін сұраймын. Жасырын дауыс беру үшін үзіліс жарияланды.

**Үзілістен кейін.**

**Төраға орынбасары:** Құпия дауыс беру нәтижелерін жариялау үшін есеп комиссиясының төрағасына сөз беріледі. Есеп комиссиясының төрағасы. Өтінемін, Сізге сөз.

**Есеп комиссиясының төрағасы т.ғ.д., профессор:** Абсадықов Бахыт Нарикбаевич

**Төраға:** Есеп комиссиясының хаттамасы диссертациялық кеңестің бекітуіне шығарылады. Есеп комиссиясының хаттамасын бекіткенге кім келіседі? Кім қарсы? Кім қалыс қалды? Есеп комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітіледі.

### **ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:**

Дауыс беру нәтижелері:  
Келісемін – барлығы,  
Қарсы – жоқ  
Қалыс қалғандар – 1.

Диссертациялық кеңестің мүшелері өткізілген қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде 6D071200 – «Машина жасау» мамандығы бойынша Бекбосынова Баглан Асылхановнаға философия докторы (Ph.D) дәрежесі берілсін.

Қорытындылай келе, «Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша диссертациялық кеңес көпшілік алдында диссертация қорғау және жасырын дауыс беру нәтижелері негізінде Бекбосынова Баглан Асылхановнаға 6D071200 – «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

**Төраға:** Бұл ретте диссертациялық Кеңестің отырысы аяқталды деп есептеледі.

### ҚАУЛЫ ЕТТІ

«Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша Бекбосынова Баглан Асылхановнаға 6D071200 – «Машина жасау» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін беру туралы шешім қабылданды.

«Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша ДК төрағасы, т.ғ.к., доцент

«Машина жасау, сандық машиналар мен жабдықтардың инженериясы» бағыты бойынша ДК ғылыми хатшысы  
PhD доктор



Елемесов Қ.К.

Басқанбаева Д.Ж.